

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 16 қазандағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 қазанда № 9830 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 442 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.04.2015 № 442 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 және «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулыларына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (М.Қ. Пішембаев) заңнамамен белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауға;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды камтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы *Ж. Қасымбек*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж әне даму министрiнiң
м i н д е т i н а т қ а р у ш ы с ы н ы ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 6 қ а з а н д а ғ ы
№ 6 9 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекiтiлген

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ автомобиль жолдары саласындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитет өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Комитеттің құрылымын және штат санын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысы бекітеді.

7. Комитеттің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық

м е м л е к е т т і к

м е к е м е с і .

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт тауэр» ғ и м а р а т ы .

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

11. Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге жол б е р і л м е й д і .

Егер Комитетке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен құқық берілген болса, онда осындай қызметтен түскен кіріс республикалық бюджеттің пайдасына жіберіледі.

2. Миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

12. Миссиясы: жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамытудағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу.

13. Міндеті: автомобиль жолдары және жол қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қ а т ы с у .

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз е т у ;

2) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

3) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды ә з і р л е у ж ә н е к е л і с у ;

4) жол саласындағы инвестициялық және әлеуметтік саясаттың іске а с ы р ы л у ы н жү з е г е а с ы р у ;

5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету.

14. Міндеті: автомобиль жолдары және жол қызметі саласын үйлестіру және б а қ ы л а у .

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының мемлекеттік есепке а л ы н у ы н жү з е г е а с ы р у ;

2) облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу;

3) облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының т і з б е с і н к е л і с у ;

4) мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Ұлттық операторды қ а р ж ы л а н д ы р у ;

5) сапаға сараптама жүргізу жөніндегі заңды тұлғалардың автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуін ұйымдастыру;

6) автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және ұстау кезінде талап етілетін сапаны, жобалау саласында қабылданған нормалар мен стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету;

7) ақылы автомобиль жолдарын құру мен пайдалануды бақылауды жүзеге а с ы р у ;

8) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары немесе концессионер пайдаланбайтын жер учаскелерін жолдың көліктік-пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеу, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау шартымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға уақытша қысқа мерзімді жер п а й д а л а н у ғ а б е р у ;

9) автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды ж ү з е г е а с ы р у ;

10) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ж о л қ ы з м е т і н б а с қ а р у ;

11) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету.

15. Комитет Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

16. Комитеттің құқықтары мен міндеттері:

К о м и т е т :

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты және мәліметтерді сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды е н г і з е д і ;

4) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге іс-шаралар өткізеді;

5) қызметтің жетекшілік бағыттары бойынша консультациялық-кеңесші органдар (жұмыс топтары, комиссиялар, кеңестер) құру жөнінде ұсыныстарды е н г і з е д і ;

6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін ти і с т і м а м а н д а р д ы т а р т а д ы ;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де кұқықтарын жүзеге асыруға кұқылы. Комитеттің міндеттеріне мыналар:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын кұқықтары мен мүдделерін сақтау;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер д а й ы н д а у ;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері және мемлекеттік органдардың ресми сұрау салуы бойынша қажетті материалдар мен анықтамаларды өз құзыреті және заңнама шегінде ұсыну;

5) Комитеттің балансында тұрған мемлекеттік меншікті сақтауды қамтамасыз е т у ;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;

7) бухгалтерлік және қаржы есептілігін жасауға және Министрлікке ұсыну;

8) Комитеттің персоналды басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру;

9) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражаттарды толық, уақтылы және тиімді п а й д а л а н у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

10) мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру жатады.

3. Комитет қызметін ұйымдастыру

17. Комитетті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын төраға басқарады.

18. Төрағаның Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасы Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы және штат кестесі бойынша ұсыныстар береді.

20. Комитет төрағасы Комитеттің қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін жеке жауапты болады.

21. Осы мақсатта Комитет төрағасы:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

3) Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

4) Комитет қызметкерлерін іс-сапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, дайындау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстеме және сыйақы төлеу, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке т а р т у мә с е л е л е р і н ш е ш е д і ;

5) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың алдында Комитеттің м ү д д е с і н қ о р ғ а й д ы ;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді.

7) республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына жеке ж а у а п т ы б о л а д ы ;

8) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

9) Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттілігін орындауды оның орнын б а с а т ы н т ұ л ғ а жүзеге асырады.

22. Комитет төрағасының орынбасары:

1) өз құзыреті шегінде Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ү й л е с т і р е д і ;

2) оған Комитет төрағасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Комитеттің мүлкі

23. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады, сондай-ақ құны Комитеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

24. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше белгіленбесе өзіне бекітіліп берілген мүлікті өздігімен иеліктен шығармайды немесе өзге де тәсілмен иелік етпейді.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

